

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

**ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ИМИТАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ****Серғазы Назерке Дайрабайқызы**[sergazynazerke94@gmail.com](mailto:sergazynazerke94@gmail.com)

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,  
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі: М.Н. Мусабаева

Мектеп пайда болғаннан бастап оқыту әдістері түсінігі қолданылғанына қарамастан оның біртұтас ортақ анықтамасы жоқ. Бір авторлар оқу жұмыстарының, тәсілдерінің үйлесімділігі ретінде қарастырса, екіншілері оқушыны білмеуден білім алуға жетелейтін жол, үшіншілері оқытудың мазмұны ретінде қарастырады. Оқытудың мазмұны мен әдістері бір-бірімен тығыз байланысы дидактика мен әдістеменің жалпы мәселесі болып табылады. Оқу-танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастыру әдістері оқушылардың танымдық әрекетінің сипатына, білім көздеріне, оқу материалдарының логикасына, оқушылардың өз беттерімен жұмыс істеу дәрежелеріне қарай жіктеледі. Географияны оқыту әдістемесінде оқыту әдістері білім көздеріне және оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің сипатына қарай бөлінеді. Қазіргі заман талабына сай имитациялық әдіс география сабағында маңызды рөл атқарады. Бұл әдісті Ресейдің әдіскер ғалымы Ю.С. Арутюнов белсенді оқыту әдістерінің ішінен имитациялық емес, имитациялық деп 2-ге жіктеген [1].

Соның ішінде имитациялық әдіс деген не дегенге тоқталайық. Имитация (лат. *Imitatio* – еліктеу, көшірме), музыкада – көп дауысты шығармаларда негізгі тақырыптың әуелі бір дауыста, кейін басқа дауыстарда кезекпен қайталануы. Ал география және осымен салалас ғылымдарда имитациялық технологиялар – бұл нақты өмірде, кәсіби қызметте болып жатқан процестерді оқыту жағдайында жаңғырту әдісі. Яғни бұл дегеніміз адамдардың қалыптан тыс (экстремалды) жағдайлардағы әрекеттерін анықтайтын өмір сүру ортасының үлгісін (моделін) құру. Мұндай жағдайлар қатарына жанжал, әуе апаты, жер сілкінісі, кеме апаты, робинзон, жау тылында, тұтқында секілді оқиғаларды жатқызуға болады. Имитациялық ойындарда студенттер өмірде тууы мүмкін оқыс жағдайларды қайталап (имитациялап), шаруашылық, басқару, әлеуметтік, психологиялық шешімдерді қабылдауды үйренеді. Имитациялық технологиялардың ерекшеліктері:

- Оқытудың іс-әрекеттік сипаты,
- Топты пайдалану,
- Оқыту қызметін құру [2].


Оқытудың іс-әрекеттік сипаты (вербалды орнына), ұжымдық, қызмет ұйымы. Мұндай қызметте қарым-қатынас, ойлау, түсіну, рефлексия, әрекет тәсілдері қалыптасады. Рефлексия есебінен олар жалпыланады, сызбалар мен таңбалы түрлерде бекітіледі, сыртқы жоспардан оқушылардың ішкі іс-қимыл жоспарына ауысып отырады [3].

Топтарды (ұжым-топ дамуының жоғарғы түрі) даралықты дамыту құралы ретінде пайдалану. Бұл ұжымдық қызмет заңдарын, топ құру тетіктерін, көшбасшыларды бөлу принциптерін, референттік топтардың өмір сүру траекторияларын, топтық және жеке мүдделерді үйлестірудің ғылыми негіздерін және тағы да басқаларын білуді талап етеді [4].

Имитациялық технология мәні білім алушыларда құндылық бағдарын, қарым-қатынас мәдениетін, ойлау мәдениетін, қызмет әдістерін (жоспарлау, болжау, талдау, рефлексия) қалыптастыру арқылы мәдениет құрылымына барабар оқыту қызметін құру болып табылады. Бұл ретте топтардың (ұжымдардың) тыныс-тіршілігін ұйымдастыру қажет, оның барысында мәдениеттің “сіңуі”, жеке тұлға мен қауымдастықтың дамуы болады. Оқушыларды имитациялық технология бойынша тиімді оқытуды ұйымдастыру (тұлғаның тұтас дамуын ескере отырып) бірқатар қағидағарды сақтауды көздейді. Имитациялық ойын көбінесе екі бөліктен тұрады: функционалдық және қамтамасыз ету. Ойынның функционалды бөлігіне бір

немесе бірнеше сюжеттер кіреді, олардың әрқайсысы оқшауланған немесе басқа сюжеттермен бірге ойнатылады. Сюжет эпизодтардан тұрады. Эпизод – басқару функциялары сияқты процедуралардың толық жиынтығы [ 5].

Имитациялық ойын бес ірі құрамдас бөліктерден тұрады: ойыншылар, сарапшылар, ойын ұйымдастырушылары, зерттелетін мәселе бойынша материал және ойын ортасы, сценарий және ойын ережелері қалыптасатын эксперименталды жағдай.



Сурет 1 Имитациялық ойын сызбасы

Ал енді имитациялық ойынды мен қалай қолдандым? Түркістан облысындағы N\_69 мектепте мұғалімдер күні қарсаңында 8 сынып оқушыларына “Қазақстандағы биік және аласа таулар” тақырыбында сабақ өткен болатынмын. Сол сабағымда мен осы имитация әдісі мен ойындарын қолдандым. Ең бірінші оқушыларды үш топқа бөлдім. Бірінші топтағылар аласа тауларды, екінші топтағылар орта тауларды, ал үшінші топтағылар биік тауларды зерттейтін ғалымдар мен альпинисттер болды. Олар сол таулардың шыңына жетіп, бағындыру үшін әр қайсысы 10 сұраққа жауап берді. Сонымен қатар өз беттерінше ғалым ретінде ізденіп сол таудың биіктігін, флорасын, фаунасын зерттеп баяндап берді. Бұл ойында балалар өздеріне рөлдер бөліп алып, сол бойынша мысалы, ғалымдар топырағын, жан-жануарларын, өсімдіктерін зерттеді, ал альпинисттер биіктігін, температурасын, жоғарылаған сайын ауаның түсіретін салмағын анықтады. Сол арқылы олар үшін сабақ қызықты өтті. Тіпті сабаққа деген құлшынысы жоқ оқушыларда жарыса оқып, сабақта белсенді болды. Мен бұл әдіс арқылы ең бірінші оқушыларға сабақты қызықты өткіздім, екіншіден олар өздері ізденіп тапқан мәліметтерін оңай есте сақтап ала алды, үшіншіден барлық оқушы сабаққа белсенді қатысты.

Қорытындылай келе қазіргі заман талабының өзі оқушыны бірінші орынға қою, яғни мұғалім сабаққа бағыт беруші болып, оқушы алдын — ала берілген тапсырмалар арқылы сабақ түсіндіріп, өздік, өзіндік талдау жасап, бірін — бірі бағалап, өз ойларын толық жеткізіп, білім беруші рөлін алады. Осы заманғы білім беру ісінің өзекті мәселесіне оқушыларға түсетін ауыртпалықты жою, олардың бойында оқуға деген қызығушылықты, белсенділік пен өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін арттыру, өмірге деген көзқарас қалыптастырып, алған білімін өмірлік жағдайда қолдана білуіне жол ашу жатады. Ал осы тұста имитациялық әдістер мен ойындарды қолдану әр педагог үшін үлкен артықшылықтарға алып келеді деп есептеймін.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Географияны оқыту әдістемесі Е.А. Тоқпанов, О.Б. Мазбаев, Т.У. Уалиев, Б.Қ. Асубаев. – Алматы : Эверо, 2015. – 410
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005
3. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе активизации, Интенсификации и эффективного управления УВП. – М.: НИИ школьных Технологий, 2005.
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
5. Бабанский Ю.К. Методы обучения в современной общеобразовательной школе – М.: 2005.

**ӘОЖ 372.891**

### **ӨЛКЕТАНУ ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРСЫ – ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ**

**Серікова Аяулым Жалғасбекқызы**

*ayaukas02@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 7М01524 География педагогтерін даярлау ББ 1 курс  
магистранты

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Турсынова Тангал Турсыновна  
Астана, Қазақстан

Өлкетану – белгілі бір аумақтарды олардың тарихы, географиялық ерекшеліктері, мәдени мұрасы, экономикалық дамуы және басқа да аспектілері тұрғысынан зерттейтін ғылыми пән. Оның міндеті - олардың бірегейлігі мен сипаттамаларын түсіну үшін нақты аймақтарды егжей-тегжейлі зерттеу. Жергілікті тарихтың негізгі аспектілерінің бірі оның географиялық құрамдас бөлігі болып табылады. Аймақтың географиялық ерекшеліктерін зерттеу оның табиғатын және экожүйенің әртүрлі құрамдас бөліктері арасындағы қарым-қатынасты түсінуге бағытталған алғашқы қадам болып табылады. Рельеф, климат, гидрология, топырақ – осы факторлардың барлығы халықтың тіршілігіне және шаруашылық табиғатына әсер етеді. Өлкетану курсы оқушылардың географиялық білім алуында маңызды рөл атқарады. Өлкетану курсы зерттелетін аймақтың жергілікті ландшафтын, тарихын, мәдениетін және экономикасын зерттеуге бірегей мүмкіндік береді. Аталған курсты өту барысында оқушылар аймақтың жергілікті жер бедерін, тарихи аспектілерін, мәдени ерекшеліктерін және экономикалық ерекшеліктерін зерттеп үйренеді. Оқушылардың географиялық білімін, патриоттық және азаматтық тұлғасын қалыптастыруға аталған курстың әсері талданады. Қазіргі қоғамның басты талаптарының бірі – патриотизм, елжандылық сезімдерін дарыту, саналарына құю болып табылады. Бұл басты талап Президентіміздің «Туған жер» бағдарламасында айқындала түседі: «Патриотизм кіндік қаның тамған туған жеріне, өскен ауылың мен қалана, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншілікпен басталады. Географиялық өлкетану – оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тұрғылықты жерінің дағдыларын жан-жақты білу жүйесін білдіреді. Бұл курстың концептуалды негізі – туған өлкенің аумағын, мектеп оқушыларының табиғатқа, халыққа, шаруашылық қызметіне, рухани-адамгершілік мәдениетін дамытуға көзқарастарындағы құндылық бағдарларын жан-жақты зерделеу, өмір сүру ортасын сапалы жақсартуға дайын болу.

Қазіргі оқу үрдісінде туған өлкенің тарихы мен мәдениетін зерделеудің өзектілігі ерекше маңызға ие. Өлкетану факультативі оқушыларға өздерінің өлкелік мұраларының байлығы мен алуан түрлілігін тереңірек зерттеуге бірегей мүмкіндік береді. Оқушылардың